

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы
С.К. Сыздықов
« 14 » 2018 жыл



«Музыкалық білім беру» бөлімінің
2018 – 2023 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Павлодар 2018

Мазмұны

1.	Кіріспе
2.	Пайымдау, стратегиялық мақсаты, миссиялары.....
3.	Мақсаттары мен міндеттері.....
4.	Стратегиялық бағыттары
4.1.	Ұйымдастыру-басқару саласы
4.2.	Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
4.3.	Білім беру қызметі. Білім беру үдерісін жаңғырту және сапасын қамтамасыз ету.
4.4.	Оқу-тәрбие қызметі
4.5.	Тәжірибелік оқыту.....
4.6.	Ғылыми-әдістемелік қызметі.....
4.7.	Әлеуметтік-мәдени қызметі.....
4.8.	Инновациялық қызметі.....
4.9.	Ақпараттық-кітапханалық сала.....
4.10.	Кадрлық қамтамасыз ету. Кадрлық әлеуетті дамыту.
4.11.	Халықаралық ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік.....
4.12.	Ақпараттық-талдау қызметі
5.	Тәуекелдер. Тәуекелдерді басқару.....
6.	Күтілетін нәтижелер.....

1. Кіріспе

Білім беру саласындағы нормативтік құжаттар, атап айтқанда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы; ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік ережелері, Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдаулары, көптілділікті дамыту жөніндегі бағдарламалар, «Рухани жаңғыру», Кешен сапасын қамтамасыз ету саясаты және «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ-нің 2018-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары негізінде **0108000** «Музыкалық білім беру» мамандығы білім беру бағдарламасының 2018-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар құрылды.

Стратегиялық даму жоспары – бұл 2018-2023 жылдар кезеңіне кешен мақсаттарына қол жеткізуге арналған кешенді даму жоспары және оқу орнының қызметін ағымдағы жоспарлауға негіз болып табылады.

Жоспар педагогикалық кеңес отырысында қаралып, бекітілді, 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 2 хаттама.

Жоспарды іске асырудың басталуы: 2018 жылғы 14 қыркүйек. ББ стратегиялық даму жоспарын орналастыру мекенжайы: Кешен сайты: muscomplexpavl.kz.

0108000 «Музыкалық білім беру», 0108013 мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка мұғалімі – білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Павлодар облысының білім саласындағы бақылау департаменті 20.01.2015 жылы берілген лицензияға қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің стратегиялық даму жоспары білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың, бөлімнің сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттарының, стратегиялық мақсаты мен міндеттері, пайымдауы, миссиясы негізінде әзірленген.

2. Пайымдау, стратегиялық мақсаты, миссиялары

«Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешен сапасын қамтамасыз ету саясатына сәйкес келеді, сондай-ақ кешеннің көрінісіне, стратегиялық мақсаты мен миссиясына сәйкес келеді.

Пайымдауы: бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауда барлық санаттағы тұтынушыларды барынша қанағаттандыруға бағыттау.

Стратегиялық мақсаты: білім беру үдерісінің басым бағыты ретінде тәрбие жұмысының тәсілдері мен формаларын жетілдіру, дәстүрлерді сақтау және дамыту, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында көпмәдени тұлғаны қалыптастыру, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

Миссиясы: білім беру бағдарламасы түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін және Кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін музыкалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

3. Мақсаттары мен міндеттері

Мақсаттары:

1. Мамандықтың және оның қатысушыларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, базалық және кәсіби дағдыларының кеңейтілген спектрі бар бітірушінің жеке моделін қалыптастыру.

2. Еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, білім алушының кәсіби дағдыларының спектрін кеңейту: аспаптарда орындаушы, ұжым жетекшісі, музыка мұғалімі, олар арқылы білім беру сатыларын: мектепке дейінгі, бастауыш, орта білім беруді қамту жүзеге асырылады.

3. Мазмұны педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыру және басқару дағдыларын қалыптастыруға, білім алушылардың шығармашылық қызмет тәсілдерін

белсенді меңгеруіне бағдарлауға, музыкалық қабілеттерін дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етуге, түрлі педагогикалық технологияларды қолдануға, білім алушылардың өз бетімен білім алуына және өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес білім алушылардың сапалы білім алуы және кәсіптік музыкалық даярлығын алу.

4. Оқытудың инновациялық музыкалық-педагогикалық әдістері мен құралдарын, оқу үрдісінде ақпараттық-компьютерлік технологияларды белсенді қолданатын мамандық болу.

5. Мектепке дейінгі, негізгі орта білім беру ұйымдарында музыкалық білім беру саласында білікті мамандармен қамтамасыз ету.

6. Бейіндегі білім беру мекемелерімен өзара тиімді қарым-қатынас орнату есебінен сенімді серіктес ретінде «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасының имиджін нығайту.

7. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру саласында және одан тыс жерлерде музыкалық білім беру саласында тәжірибені жинақтау және тарату.

8. «Музыкалық білім» бөлімінің түрлі бағыттағы және жанрлардағы музыканы танымал етуге, орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

9. Белсенді азаматтық ұстанымды, адамгершілік құндылықтарды, студенттер мен қызметкерлердің өмір бойы үздіксіз кәсіби білім алу қажеттілігін тәрбиелеу.

10. Білім берудің түрлі деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін ауқымды инновациялық жобаларға қатысу.

Міндеттері:

1. Оқу - тәрбие жұмысының тәсілдері мен нысандарын жетілдіру.

2. Бөлімдегі дәстүрлерді сақтау және дамыту: ұрпақтар сабақтастығы, патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

3. Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

4. Бөлім түлектеріне еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

4. Бөлімнің стратегиялық бағыттары (ББ)

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көзі
4.1. Ұйымдастыру ызметі			
1.	Стратегиялық даму жоспарларын және оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу.	2018-2023	Сынып жетекші
2.	Оқу және тәрбие үрдістерін, ғылыми-әдістемелік және инновациялық қызметті ұйымдастыру және бөлімдер арасындағы ынтымақтастық.	Барлық кезең	Педагогикалық ұжым
3.	Тәуекелдерді анықтау және тәуекелдерді басқару.	Тұрақты	Сынып жетекші
4.	Әр түрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, бөлімнің іскерлік имиджін жақсарту бойынша жұмысқа барлық педагогтарды тарту.	Тұрақты	Сынып жетекші
5.	Білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы бағасынан өту: аккредиттеу.	2020	Сынып жетекші
4.2. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету			
1.	Бөлім педагогтарының негізгі нормативтік, Жергілікті құжаттарды зерделеуі	2018-2023	Сынып жетекші

2.	Кешеннің жергілікті құжаттарын ресімдеуге қатысу	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлттық тұрақтылыққа және академиялық дәстүрлерге баулу, оларды кешеннің нормативтік және жергілікті құжаттарымен регламенттейтін кәсіби ар-намыс пен этика рухында тәрбиелеу.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Сыбайлас жемқорлық сипатындағы кез келген көріністерге мүлдем төзбеушілік, алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізу.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым

4.3. Білім беру қызметі.

1.	Студенттердің білім беру, шығармашылық қызметіне қолайлы жағдай жасау.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
2.	Бітірушінің заманауи білімін, құзыреттілігін, практикалық және жеке дағдыларын қалыптастыруға бағытталған модульдік - құзыреттілік тәсілі бар ТЖКББ жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу және іске асыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Білім беру үдерісінде инновациялық, оқыту формаларын, компьютерлік технологияларды пайдалану.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Жалпы және кәсіби құзыреттер негізінде ББ бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын қалыптастыру.	Жыл сайын 2019	Педагогикалық ұжым
5.	Контингенттің сақталуын қамтамасыз ету, білім беру сапасының % - ын арттыру.	Жыл сайын	Педагогикалық ұжым
6.	Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған оқу жобаларын әзірлеу және оларға қатысу.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
7.	Шығармашылық жобалар, конференциялар, семинарлар, конкурстар, әртүрлі деңгейдегі шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу, оларға педагогикалық құрам мен студенттердің белсенді қатысуы.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
8	Білім беру қызметінің сапасын бақылаудың заманауи әдістерін қолдану (рейтинг, мониторинг, институционалдық, мамандандырылған аккредиттеу).	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
9	Әр педагогтің кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізуі.	2020	Педагогикалық ұжым

4.4. Оқу-тәрбие қызметі

1.	Бөлім студенттерін тәрбиелеуге ықпал ететін іс-шаралар өткізу, іс-шаралар мен конкурстарға қатысу.	2018 - 2023	Педагогикалық ұжым
2.	Мемлекеттік бағдарламаларды, салауатты өмір салты мәдениетін іске асыру арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту.	2018 - 2023	Педагогикалық ұжым
3.	Білім алушыларды волонтерлік қозғалыспен қамту	2018 - 2023	
4.	Салауатты өмір салтын насихаттау, қылмыстың және деструктивтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар		Педагогикалық ұжым

4.5. Тәжірибелік оқыту

1.	Модульдік-құзыреттілік тәсілде әзірленген мамандықтар бойынша практикалық оқыту нысандарын қарастыру мақсатында жаңа типтік оқу	2018-2023	Педагогикалық ұжым
----	---	-----------	--------------------

	жоспарлары мен жұмыс білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.		
2.	Бөлім оқушыларын оқу процесін және оқу практикасын ұйымдастыру кезінде оқу материалдарымен, техникалық құралдармен, музыкалық құралдармен қамтамасыз ету.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогикалық қызметтің беделіне бағытталған колледжде оқу тәжірибесі бойынша конкурстар, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Оңалту орталығымен ынтымақтастық, инклюзивті білім беруді қолдауға бағытталған шығармашылық байланыстарды қамтамасыз ету.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
5.	Түлектерді бөлу және жұмысқа орналастыру.	2019-2023	Педагогикалық ұжым
6.	Түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізу.	2019-2023	Сынып жетекші
4.6. Ғылыми-әдістемелік қызмет			
1.	Оқу процесіне инновациялық технологияларды тиімді енгізу үшін ғылыми-әдістемелік жұмыстар, ОӘК, құралдар жасау, БАҚ-та жариялау.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
2.	«Бөлім апталығы» іс-шарасын өткізу	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогикалық құрамның кәсіби конкурстарға қатысуы.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
5.	Өзінің оқу, шығармашылық қызметін сайтта, әлеуметтік желілерде көрсету.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.7. Әлеуметтік-мәдени қызмет			
1.	Облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі концерттік іс-шараларға, конкурстарға, музыкалық жобаларға қатысу.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
2.	Жаңа шығармашылық ұжымдарды құру	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Әлеуетті талапкерлерді қамтумен кәсіптік бағдар беру, музыкалық білім беруді насихаттау мақсатында қаланың, облыстың білім беру ұйымдарына іс-шаралар, көшпелі концерттер ұйымдастыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.8. Инновациялық қызмет			
1.	Жаңартылған білім беру нысандары бойынша педагогтарды оқытуға бағытталған кадрлардың біліктілігін арттыру.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
2.	Педагогтардың ғылыми қызметінің тиімділігін арттыру, олардың ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуын арттыру	2018-2023	Педагогикалық ұжым
3.	Оқытушылардың оқытуда қолданылатын инновациялық технологияларды дамыту.	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.	Оқу үдерісін сандық жүйеге көшіру: электронды оқу базалары: Платонус	2018-2023	Педагогикалық ұжым
4.9. Ақпараттық-кітапханалық қызмет			
1.	«Қазақ мәдениеті кабинеті» жаңа форматтағы кітапхананы ашуға қатысу	2019-2023	Педагогикалық ұжым
4.10. Кадрлық қамтамасыз ету			

1.	Бөлімді қажетті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
2.	Әрбір педагогтың кәсіби шеберлігі мен әлеуетті мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Магистр атағын алу үшін жоғары оқу орындарында педагогтарды оқытуға мүмкіндік беру	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.	Бөлімшеде қолайлы микроклиматты құруға және сақтауға ықпал ететін іскерлік корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
4.11. Халықаралық ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік			
1.	Қазақстанның, облыстың жоғары оқу орындарымен, мәдениет және өнер ұйымдарымен, БММ, қала мен облыстың БӨМ-мен ынтымақтастық географиясын кеңейту.	2018 - 2020	Педагогикалық ұжым
2.	Өз мамандығы шеңберінде кадрларды даярлаудың дуальді жүйесін енгізу бойынша жұмыс	2018 - 2020	Педагогикалық ұжым
4.12. Ақпараттық-талдау қызметі			
1.	Әр түрлі ақпараттық ресурстардағы қызмет нәтижелері туралы қоғамды ақпараттандыру	2018 - 2023	Педагогикалық ұжым
2.	Internet-желіде Web-сайтты (кешенді) ақпараттық жаңартуға қатысу, Instagram-да бетті жүргізу.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым
3.	Педагогтардың электрондық портфолиосын қалыптастыру және құру, Құжаттамалық қамтамасыз ету.	Тұрақты	Педагогикалық ұжым

5. Тәуекелдер. Тәуекелдерді басқару.

р/с №	Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылданбаған жағдайда ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2	3	4
Сыртқы тәуекелдер			
1.	Облыстың оқу орындарында бәсекеге қабілетті ББ ашу.	Кешенге ББ түсетін контингенттің төмендеуі.	Сыртқы жағдайдың тұрақты мониторингі, білім беру-кәсіптік бағдарламаларды уақтылы түзету. ББ беделін арттыру бойынша жұмыс, кәсіптік бағдар беру жұмысы.
Ішкі тәуекелдер			
1.	Сыртқы және ішкі тәуекелдердің болуын және тәуекелдерді басқаруды анықтамау.	Әкімшілік пен ұжымның тәуекелдерді басқаруға дайын болмауы.	Сыртқы және ішкі тәуекелдерді анықтау және тәуекелдерді басқару іс-шараларын жоспарлау.
2.	Басқа мемлекеттерге шығудан, ТжКБ жүйесіндегі еңбекақы төлеудің басқа салаларда озыңқы өсуіне сәйкес келмеуінен туындаған жоғары білікті педагогтардың	КС кәсіби мүмкіндіктерін төмендету және Стратегияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізбеу	Әлеуметтік қорғау және жұмысқа мүдделілік шараларын әзірлеу.

	кетуі.		
3.	Педагогтердің инновациялық, шығармашылық қызметке уәждемесінің төмен деңгейі немесе болмауы.	Біліктілігін арттыратын, шығармашылық қызметті жүргізетін оқытушылар санының төмендеуі.	Педагогтарды уәждейтін іс-шараларды іздеу.
4.	ББ білім сапасы мен үлгерімі деңгейінің төмендеуі.	Жұмыс берушілердің Кешен бітіруші мамандарға қанағаттанбауы және мүдделілігінің болмауы.	Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттырудың сәйкес келмеу себептерін талдау және оқуға уәждемені арттыру.
5.	Компьютерлік жабдықтарды жаңартуға, музыкалық аспаптарды сатып алуға қаржының болмауы.	Ақпараттық ресурстар жұмысындағы іркіліс, музыкалық аспаптардың істен шығуы.	Өтінім

6. Күтілетін нәтижелер

- 1.Еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және қажеттілігін арттыру.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту.
3. Білім беру саласының қолжетімділігін, сапасын, ашықтығын арттыру; инновациялық технологияларды енгізу.
- 4.Республикадағы мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарында қажетті мөлшерде және тиісті біліктілігі бар, музыкалық білім беруде инновацияны меңгерген музыка мұғалімдерін дайындау.
- 5.Мамандандырылған және институционалдық аккредиттеуден жоспарлы өту.

Бөлімнің 2018-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары отырыста қарастырылды және бекітілді (2018 жылғы «14» қыркүйектегі № 2 хаттама).